

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Ойын технологиясы арқылы жас ұрпақ тәрбиелеу

ЖАРИЯЛАНДЫ  
19.02.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/32816/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Джетписова Женисгуль Мырзабековна****Ойын технологиясы арқылы жас ұрпақ тәрбиелеу****«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып,оның шығармашылық қабілетін дамытады****ойынсыз ақыл- ойдың қалыптасуы мүмкін емес».****В.А. Сухомлинский**

«Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі ұстаз қауымына үлкен тапсырыстарды артып отыр. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 — 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жаңартылған мазмұн бойынша мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған 3-6 жастағы балалардың үлесі 2017 жылы – 87,5 %, 2019 жылы – 100 % жету туралы индикаторлар белгіленген. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Жаңа заман баласы ертеңгі еліміздің болашағы. Оқытудың, тәрбиелеудің мазмұнын қоғам дамуының қарышты қадамына сәйкестендіріп, оны шырқау биіктерге көтеруге бағытталған тың әдіс-тәсілдер жасалуда. Ойын үлгісінің технологиясы баланың нақ осындай белсенділіктерін арттырады. Кез-келген бала да адамның мәдениеті де ойын арқылы дамиды. Ал бүгінгідей динамика ғасырында, оқу процесінде ойын алдығы орында, яғни ойын технологиясы арқылы баланың оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру жеңіл болмақ.

Ойын – қоғам тәжірибесін қайта құруға және қабылдауға бағытталған, бір шартты жағдайдағы қызметтің түрі. Сол бойынша өзін-өзі басқарады, тәрбиелеу жетіліп қалыптасады.

Ойын түрінде оқытудың мақсаты: жеке – қызмет түрінде білімді, біліктілікті, дағдыны меңгеруді қамтамасыз етеді.

Қазіргі балабақшада ойын – қызмет ретінде төмендегі жағдайларда қолданылады:

жеке технология ретінде;

тақырыпты ұғып меңгеру үшін;

кең көлемді технология бөлігі ретінде ;

сабақ ретінде, не болмаса оның кезеңдері /кіріспе, түсіндіру, бекіту, жаттығу орындау,

бақылау;

Ойын түрлері оқу кезінде сабақтарда ойын тәсілдері мен жағдайлар туғызу арқылы құрылып, балалардың оқуға деген қызметін ынталандырып талаптануына тәсіл ретінде қолданылады.

Ойын тәсілдері мен жағдайларын сабақ кезінде өткізу мына негізгі бағыттарда

жүргізіледі:

дидактикалық мақсат балаларға ойын түрінде

беріледі; оқу қызметі ойын ережелеріне бағынады;

оқу материалы оның құралдары ретінде қолданылады, қорыту қызметіне жарыс ретінде кіргізіп, дидактикалық міндеттерді ойынға айналдырады;

дидактикалық тапсырмаларды орындау ойын қорытындысымен байланыстырылады.

Ойын әдістемесі пән бойынша сюжеттік, рөлдік, іскерлік, еліктеушілік және драмалық ойындар.

Б.П. Никитин бойынша ойындар қызметінің бағдарламасы түрлі дамыту

ойындарынан тұрады. Олар ортақ ойлардан шығады және сипаттамалық

ерекшеліктерін игереді. Әр ойын көптеген мақсаттардан тұрады, олады балалар

кубтар, квадраттар, ою-өрнектер, бұйым бөлшектер арқылы шешеді. Сондықтан да

ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн. Тәрбиеші балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады. Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Қай ағаштың жапырағы», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз», т.б. Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, қима суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есіңде сақта».

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз

мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра»,

«Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата».

Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды

қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Өрнекті есіңде сақта», «Қиын жолдар»,

«Суретті жалғастыр», «Биші адамдар», «Көңілді таяқшалар» тәрізді жаттығу

тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін берді. Бұл аталған жаттығу,

тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады.

Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды

талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау

ойынды өткізуге әзірлік болып табылады.

Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады.

Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады.

Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Тұжырымдай келе күнделікті өмірде сабақтарда және сабақтан тыс бос уақытта қолданатын ойындар балалардың білім деңгейін дамытып қана қоймай өй-өрісін, болмысын, тілдерін дамытатынын көруге болады. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын

ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Халық даналығында «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» деген аталы сөздер сырына жүгінсек, мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым- қатынасы, мінез- құлық көріністері олар өсіп- есейгенде де жалғасы береді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қаженбаева А.Е. Бала танымын ойынмен дамыту. /А.Е.Алдабергенова. // Бала мен

балабақша. – 2002. — №1. – 9 бет.

400

2. Омарова Р. Шығармашылық – басты мақсат //Баст ауыш мектеп. – 2006. — №3. – 30-

32 бет.

3. Құсайынова З. Балалардың шығармашылық қабілетін ойын арқылы дамыту //

Бастауыш мектеп. – 2000. — №4. – 23-25 бет. \_\_

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.